# Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 19 маусымдағы № 176 "Техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға 2015 - 2016 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" қаулысына толықтыру енгізу туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 416 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 10 ақпанда № 2964 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 19 маусымдағы № 176 «Техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға 2015 - 2016 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы» қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2764 болып тіркелген, 2015 жылғы 24 шілдеде «Әділет» ақпараттық – құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулы осы қаулының қосымшасына сәйкес 3 қосымшамен толықтырылсын.

2. «Маңғыстау облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі (З.Ж. Тастемірова) осы қаулының «Әділет» ақпараттық – құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын, Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет – ресурсында орналасуын қамтамасыз етсін.

3. «Маңғыстау облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі 2015-2016 оқу жылында техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарына қабылдау бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын қаржыландыруды көздестірсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.Ғ. Нұрғазиеваға жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі* *А. Айдарбаев*

"КЕЛІСІЛДІ"

"Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекеме басшысының міндетін атқарушы
А.Ж.Тұржанова
31 желтоқсан 2015 жыл

"Маңғыстау облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы
М.Б.Әлібекова
31 желтоқсан 2015 жыл

"Маңғыстау облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы
С.Б.Нарешова

31 желтоқсан 2015 жыл

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 416 қаулысына қосымша

## Күндізгі, сыртқы оқыту нысаны бойынша техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға 2015 - 2016 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

| Мамандықтар топтарының атауы | Оқу жылы ішінде 1 маманды оқытуға жұмсалатын орташа шығыс (мың теңге) |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Техникалық және кәсіптік білімі бар мамандықтар | 100 ден – 300 дейін |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК